


Комиссиялық сыйақылар



2016-2020 жылдар кезеңінде БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақысының шекті шамасы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы №105 - V «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңының (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заң) 53-бабына сәйкес төмендегі шектерде белгіленді:

- ✓ инвестициялық кірістің 7,5 пайызынан аспайтын мөлшерде
- ✓ зейнетақы активтерінің айына 0,025 пайызынан аспайтын мөлшерде
- ✓ жылына бір реттен жиі болмайтындай өзгерді
- ✓ жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекітіп отырды
- ✓ БЖЗҚ күнтізбелік жыл басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей, кемінде екі баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы салымшыларға (алушыларға) хабарлап отырды

Зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру құқығының енгізілуіне байланысты 2021 жылдан бастап Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға келесі өзгерістер енгізілді:

- ✓ БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақысының шамасы зейнетақы активтерінің айына 0,01 пайызы мөлшерінде белгіленеді
- ✓ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚР ҰБ) комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық кірістің 2,0 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді
- ✓ ИПБ-ның комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық кірістің 7,5 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді
- ✓ комиссиялық сыйақының шамасы жылына бір реттен жиі болмайтындай өзгереді
- ✓ ҚР ҰБ үшін - комиссиялық сыйақының шамасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы, ИПБ үшін - осы ұйымның басқару органы жыл сайын бекітеді

БЖЗҚ-НЫҢ КОМИССИЯЛЫҚ СЫҢАҚЫСЫ 2016-2020 жж.

Жыл	Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы		Зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы	
	Мөлш., %	Сома, мың тг	Мөлш., %	Сома, мың тг
2016	5,25	42 474 846	0,0225	16 088 937
2017	5,25	28 128 787	0,0225	18 650 546
2018	5,25	45 427 645	0,015	14 649 036
2019	5,00	40 563 014	0,015	17 447 565
2020	2,00	27 797 468	0,011	14 858 772

01.08.2021 жылға ҚР ҰБ/ИПБ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІНЕН КОМИССИЯЛЫҚ СЫАҚЫ

ҚР ҰБ/ИПБ	ҚР ҰБ/ИПБ инвестициялық кірісінен комиссиялық сыйақы	
	Мөлш., %	Сома, мың тг
ҚР ҰБ	2,0	14 378 860
«BCC Invest» АҚ	7,0	1 159
«Halyk Global Markets» АҚ	3,5	998
«Jusan Invest» АҚ	5,0	1 911
«Сентрас Секьюритиз» АҚ	7,5	1 254


01.08.2021 жылға БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНЕН КОМИССИЯЛЫҚ СЫАҚЫ

БЖЗҚ зейнетақы активтерінен комиссиялық сыйақы	Мөлш., %	Сома, мың тг
	0,01	8 776 876


2019 ЖЫЛ ҮШІН ӘР ТҮРЛІ ЕЛДЕРДЕ АКТИВТЕРДЕН %-БЕН ТИІМДІ КОМИССИЯЛЫҚ СЫАҚЫЛАР

№р/р	Елдер	Жалақыдан КС	Жарнадан КС	ЗА-нен КС	ИК-тен КС	Басқа да КС	Жиыны
<i>ЭЫДҰ-ның кейбір елдері</i>							
1	Аустралия			0,4			0,4
2	Чили	0,5	X	0,3	X	X	0,7
3	Колумбия	0,8	X	X	X	..	0,8
4	Чехия	X	X	0,7	0,1	0,0	0,9
5	Эстония	X	X	0,8	0,0	..	0,8
6	Венгрия	X	0,3	0,4	X	..	0,7
7	Израиль	X	0,2	0,2	X	X	0,4
8	Корея	X	X	0,6	X	X	0,6
9	Латвия	X	..	0,6	..	X	0,6
10	Литва	X	X	0,5	X	..	0,5
11	Мексика	X	X	0,9	X	X	0,9
12	Польша	X	0,0	0,5	0,0	X	0,6
13	Словакия	X	0,1	0,4	0,4	0,0	0,9
14	Испания	X	X	1,0	..	X	1,0
15	Түркия	x	0,0	1,5	..	0,2	1,8
<i>ЭЫДҰ-ға кірмейтін басқа елдер</i>							
1	Албания	x	X	2,3	X	0,2	2,5
2	Болгария	x	0,4	0,6	0,0	0,0	1,0
3	Коста-Рика	x	X	0,4	X	X	0,4
4	Хорватия	X	X	0,4	X	0,0	0,4
5	Қазақстан	X	X	0,2	0,4	X	0,6
6	Лихтенштейн	X	0,1	0,3	X	0,0	0,5
7	Мальдив	X	X	0,6	X	X	0,6
8	Солтүстік Македония	X	0,3	0,3	X	..	0,6
9	Пәкістан	X	X	1,3	X	0,1	1,4
10	Перу	0,6	X	0,1	X	X	0,7
11	Румыния	X	0,2	0,4	X	..	0,5
12	Сербия	X	0,2	1,2	X	..	1,3
13	Таиланд	X	X	0,3	..	X	0,3
14	Уругвай	X	0,6	X	X	X	0,6

2019 ЖЫЛ ҮШІН ЭЫДҰ ЕЛДЕРІНДЕ АКТИВТЕРДЕН %-БЕН ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ КОМИССИЯЛЫҚ СЫАҚЫЛАР



2019 ЖЫЛ ҮШІН ЭЫДҰ-ҒА КІРМЕЙТІН ЕЛДЕРДЕ АКТИВТЕРДЕН %-БЕН ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ КОМИССИЯЛЫҚ СЫАҚЫЛАР



Басқа елдерге қарағанда, Қазақстанда комиссиялар айтарлықтай төмен. 2019 жыл үшін ЭЫДҰ елдерінде зейнетақы активтерінен жыл сайынғы тиімді комиссиялық сыйақы мөлшері, мысалы, Түркияда – 1,8%-ды, Испанияда – 1%-ды, Мексикада – 0,9%-ды, Эстонияда – 0,8%-ды құрады. ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдерде мұндай комиссия Албанияда – 2,5%-ды, Болгарияда – 1,0%-ды, Перуде - 0,7%-ды құрады. Салыстыру үшін, Қазақстанда мұндай комиссия 1999 жылдан бастап 2019 жылы 4,9%-дан 0,6%-ға дейін төмендеді. 2020 жылы ЗЖ-ның орташа жылдық сомасынан КС (ИК-тен және ЗА-нен КС) нақты сомасы 0,4%-ды құрады.

Түрлі елдер бойынша ЖЗЖ іске қосылған сәттен бастап активтерден %-бен комиссиялық сыйақының тиімді мөлшерлемелерінің өзгеру динамикасы

